

«САЯХАТШЫ ГРИГОРИЙ НИКОЛАЕВИЧ ПОТАНИН ЖӘНЕ ОРТА АЗИЯ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ»

Ахмедова Жансая Бахтияр қызы

Шыршық мемлекеттік педагогика университеті
Қазақ тілі және әдебиет бағытының 1-курс студенті

Нуркелді Абдурашидович Жарасбайев

Ғылыми жетекшісі:

АННОТАЦИЯ

Фольклор саласына үлкен үлесіні қосқан ғалымдардың бірі Григорий Николаевич Потанин. Азияның зерттеушісі және Шоқан Уалихановтың жан досы. Ауыз әдебиетіне көптеген үлкен мұраларды қалдырған орыс ғалымы болып табылады. Григорий Николаевич Потанин жас кезінен - ақ білімге құштар, ізденушен болып өскен. Ол Қазақстан елінің тумасы. Қазақтар жайлы көпеген мақалалар жазған және оларды мадақтап отырған журналист.

Кілт сөздер: Фольклор, жиһангер, аңшылық, әдет-ғұрыптары, құмарлықтарын, деректерімен, өкпе қабынуы, зираттағы

«TRAVELER GRIGORY NIKOLAEVICH POTANIN AND CENTRAL ASIA ORAL LITERATURE»

Akhmedova Zhansaya Bakhtiyar qizi

Chirchik State Pedagogical University

1st year student of the Kazakh language and literature

Research supervisor: **Nurkeldy Abdurashidovich Zharasbayev**

ABSTRACT

Grigory Nikolaevich Potanin, one of the scientists who made a great contribution to the field of folklore. A researcher of Asia and a close friend of Shokan Ualikhanov. He is a Russian scientist who has left many great legacies in oral literature. From a young age, Grigory Nikolaevich Potanin grew up eager for knowledge and inquisitive. He is a native of Kazakhstan. A journalist who has written many articles about Kazakhs and praises them.

Keywords: folklore, jhanger, hunting, customs, passion, with date, inflammation of the lungs, the cemetery

Кіріспе: Григорий Николаевич Потанин саяхатшы, этнограф, фольклорист публицист, орыс ғалымы, жиһангер, ботаник, түркі, моңғол халықтарын бүкіл Азияның тарихын, салт – санасын, мәдениетін зерттеуші, жазушы, ақын және журналист. Ол қазақ елінен шыққан орыс ғалымы тіпті қоғам қайраткері болады. Осыншама кәсіпті өз бойына жыйнаған Г.Потанин қазақ халқының шынайы жақсы көрген тұлғасы болып табылады. Орыс императорлық география қоғамының толық мүшесі. Г.Потанин саяхат арқасында көптеген білімдерді өз бойына сіңірді. 1886 жылы өзінің экспедициялары мен этнографиялық зерттеулері үшін Григорий Николаевич Потанин географиялық қоғамның жоғары наградасы – Үлкен алтын Константин медалін қолға кірітті. Потанин шығармаларында аңшылық жайлы, жергілікті билік жайлы шытырман оқиғалар болмаса да, оның шығармалары халықтың тұрмыс тіршілігі, олардың әдет – ғұрптары егжей – тегжейлі, анық етіп сипаттап берілген.

Негізгі бөлім: Григорий Николаевич Потанин XIX және XX ғасырдың басы яғни 1835 жылы 22 қыркүйекте дүниеге келген. Ол Ямышевск станциясында, Семей облысының аумағында дүниеге келген яғни Қазақстан тумасы болып есептеледі. Сібір саптық қазақ офицерінің отбасында туылған. Оның әкесі – Николай Ильич Потанин Омбы облысындағы Баянауыл бастығы еді, ұлы туылған соң көп ұзамай 1836 жылы, кейбір жағдайларға байланысты әкесінің атына арыз жазылып сол жылы қамауға алынады. Анасы – Варвара Филипповна Потанина 1839 жылы 24 ақпанда қайтыс болады. Ол бес жыл бойы туған ағасы Дмитрий Ильич Потанин қолында өмір сүреді. Алайда туған ағасы кенеттен қайтыс болған соң 1842 жылы ол Пресновская ауылына оралады. Содан соң Потанин төрт жыл бойы «Асырап алынған бала» болып қазақ әскерлерінің қолбасшысы Генерал Морис Эллизеннің сызығымен бірге генерал баларымен үйде білім алып, сауатын ашады. Ол орыс тілі, арифметика, география пәндерін оқыды. 1846 жылы ол Омбы кадет корпусына оқуға түседі. Осы оқу кезеңінде Қазақ ханы болған Абылай ханның шебересі Шоқан Уалихановпен дос болады. Ол өзінің сөзінде Шоқан Уалиханов жайлы: «...Шоқан өзінің замандастарымен өмір сүрді, олармен құмарлықтарын алмасты, бірақ болашақ адамдардың тағдырына көбірек қызығушылық танытты», -деп айтады. Шоқан Уалиханов пен Г.Н. Потанин бір сөзбен айтқанда сегіз қырлы бір сырлы тұлғалар болған. Потанин Шоқанға көптеген мақалалар мен очерктер арнады.

Кадет корпусын бітіргеннен кейін, Г. Н. Потанин қазақстанның көп жерін аралайды. Семей, Марқакөл, Зайсан, Ақмола, Көкшетау жақтарында болады.

Шоқанға еріп оның аулына барады. Жүрген жерлерінде қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін жазып алып отырады. Бұл іске ол ғылыми мән беріп, халықтың тарихын, әдет-ғұрпын білу үшін ауыз әдебиеті көп материал береді деп қарайды. Осы ретте ол «қазақ - ауыз әдебиеті үлгілерін жинау керек» деген мақала жазады және бұл іске басқалардың да қатысуын қажет деп табады.

Потанин жинаған материалдарын Омбыда және орталықта шығатын газет-журналдарда бастырып отырған. Оның жылдар бойы жинаған материалдары «Қазақ - қайсақ және Алтай халықтарының ертегілері мен аңыздары» деген атпен 1916 жылы «Живая старина» журналындағы 2-3 сандарында басып шығарады. Потанин ауыз әдебиеті үлгілерін қазақ тілінде жазып алмаған тек мазмұнын ғана жазып оны орысша айтып, әңгімелеп беретін еді. Яғни жинаған барлық мәліметті тікелей орысшаға аударып отырған.

Г.Потанин қазақ және түркі халықтарының ауыз әдебиетінің жинап, «Қазақтың және Алтай халқының аңыз әңгімелері және ертегілері» деген шығармасын жазады. Ауыз әдебиетін жинау жұмыстарына, зерттеу істеріне өз үлесін қосады. Ол «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырының бір нұсқасын елдің аузынан жинап жариялаған.

Достарымен бірнеше рет кездесіп, үнемі бір-бірімен хат алмасып, жинақталған ғылыми мәліметтермен алмасып отырған.

1865 жылы Г.Н. Потанин Сібірді Ресейден бөліп алу идеясын насихаттаған «сепаратистер» үйірмесін ұйымдастырды деген күдікпен ұсталады да, бес жылға айдауға жіберіледі. Г.Н. Потанин үстінен тергеу жүріп жатқанда күндері Алтынемелде досы Ш. Уәлиханов қайтыс болады. Осы оқиғаны естіген Потанин досының өлімі мен өзінің тұтқынға алынуы нәтижесінде бір неше жыл бойы ғылымнан қолын үзіп қалады. Алайда оның көкірегінде үлкен армандары, мақсат-мұраттары естен кеткен емес. Ол бүкіл өмірін Азия елдерін зерттеуге арнады десекте болады. Ғалымдардың қолдауымен 1874 жылы бостандық алған Потанин 1876-1880 жылдар аралығында Солтүстік Батыс Монғолия және Тува экспедициясына, 1884-1886 және 1892-1893 жылдары Солтүстік Қытай, Тибет, Орталық Монғолия экспедицияларына басшылық еткен. Потаниннің зайыбы, XIX ғасырда Орыс әйелдерінің арасынан шыққан тұңғыш саяхатшы Александра Викторовна Потанина (1843-1893) бірге болып, экспедициялық зерттеулер жүргізген.

Шоқан қайтыс болғаннан кейін ол Уәлихановтің туыстарымен кездесіп, досына соңғы қарызын беру үшін Сырымбет үйіне сапар шекті. Бұл сапардың нәтижесі «Соңғы қырғыз ханшайымының киіз үйінде» атты эссе болды. Г. Н. Потанин Ш. Уәлихановтің айтқан кеңесімен Орта жүз, Ұлы жүз қазақтары мен

жоңғарлардың Ресеймен қарым-қатынасы туралы тарихи деректерімен де танысып шыққан.

Өмірінің соңына қарай Г. Н. Потанинді құрметті азамат деп тану құқығы үшін Сібір қаласында барлығы дерлік ат салысқан. Оның сексен жылдығына Қоғамдық Палата ғимаратына қалаушыларды ғана емес бүкіл жиналған халықты сыйдыра алмады. Бұл алаңға көптеген адамдар өзінің ризашылдықтарын білдіруге жиналды. 1915 жылы 15 қыркүйекте Томск қалалық тумасы Г. Н. Потанинді қаланың құрметті азаматы етіп сыйлау туралы шешім қабылдайды.

1919 жылы маусымда Г. Н. Потанин госпитальдық клиникаға түсті. Өйткені Потанинде азрак өкпенің қыбынуы болды, бірақ көп ұзамай ол сауығып кетті. Күздің жарты айына дейін салыстырмалы түрде сау болды. Алайда қараша айында оның миына қан кетіп. Қайтадан клиникаға түсті. Оның ойы мен сөйлеуі мүлдем әлсіреп кетті. Осылайша 1920 жылы 30 маусымда Томск Университетінің клиникасында қайтыс болды. 1930 жылы зираттағы жерлеу жұмыстары тоқтап, біртіндеп аяқталды және ол жер қаңырап бос қала бастады.

Қорытынды: Г.Н. Потанин жайлы қанша айтсақта аз. Өйткені осындай еңбекқор, білімді жанымен сүйген адамды шексіз мадақтасақ жарасады. Оның біз жастарға қалдырған мұрасы үлкен пайдасын тигізіп жатыр. Өз ата-бабаларымыздың бұрынның келе жатқан салт-дәстүрлерін, шығармалырын біліп отырмыз. Біз үшін осыншама еңбекті мұра еткен Г. Потанин тарихта өшпестей із қалдырды. Ауыз әдебиетімізді молайтуға бар жігерін салып, естіген, білген, көрген заттарының барлығын қағазға жазып қалдырды. Қазіргі таңда ауыз әдебиетімізде қалдырған мұрасы біздің ең үлкен байлығымыз болып отыр. Бұл байлықты сақтап, ардақтау өз қолымызда. Сондықтанда біз жастар бұл еңбектерді болашақ ұрпаққа жеткізу біздің басты міндетіміз болып табылады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ: (REFERENCES)

1. Обручев В.А. Григорий Николаевич Потанин: жизнь и деятельность. –М. ; Л.: АН СССР. – 288 с.
- 2.«Потанин Г.Н. Исследователь Центральной Азии и Сибири» Томск.2020
3. «Потанин Последний энциклопедист сибери» Томск — 2004